

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

---

"Орталық бағалы қағаздар  
депозитарий" АҚ-мен

2021 жылдың 25 қарашасында

**келісілді**

"Орталық бағалы қағаздар  
депозитарий" АҚ  
Басқарма Төрағасы

А.Н. МҰХАМЕДЖАНОВ

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігімен

2021 жылдың 10 желтоқсанында

**келісілді**

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігінің  
Қазынашылық комитеті  
төрағасының орынбасары

Р. Тоқбаев

"Қазақстан қор биржасы" АҚ  
Директорлар кеңесінің шешімімен

(2021 жылдың 15 желтоқсанындағы  
№ 70 отырыс хаттамасы)

**бекітілді**

2021 жылдың 20 желтоқсанынан бастап

**қолданысқа енгізілді**

## Қазақстан Республикасының мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерін орналастыру **ЕРЕЖЕЛЕРІ**

---

Алматы қ.

2021

## ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

### 1. № 1 өзгертулер:

- "Қазақстан қор Биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2023 жылдың 20 сәуіріндегі № 10 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2023 жылдың 21 сәуірінен бастап қолданысқа енгізілді.

### 2. № 2 өзгертулер:

- "Қазақстан қор Биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2023 жылдың 26 шілдесіндегі № 18 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2023 жылдың 25 қыркүйегінен бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Ережелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленді және "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) арқылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерін орналастыру ерекшеліктерін йды.

## 1 тарау. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

### 1 бап. Негізгі ұғымдар

1. Осы Ережелерде пайдаланылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:
  - 1) **"қазынашылық міндеттеме"** – Қазақстан Республикасының мемлекеттік қазынашылық міндеттемесі: Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Эмитент шығаратын мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаз;
  - 2) **"бастапқы дилер"** – бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы, Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен сауда-саттыққа қатысуға, оның ішінде қазынашылық міндеттемелерді орналастыруға қатысуға жол берілген "қор" санаты бойынша Биржаның мүшесі;
  - 3) **"жазылым"** – қазынашылық міндеттемелерді алдағы орналастыру және оларды осы хабарландырудың (осындай орналастырудың) шарттарына сәйкес орналастырылатын қазынашылық міндеттемелерді сатып алуға осы хабарландыруға жауап ретінде өтінім берген инвесторларға сату туралы хабарландыруды (бұқаралық ақпарат құралдарында және Биржаның интернет-ресурсында және/немесе өзге де ықтимал тәсілдермен) жариялауды қарастыратын қазынашылық міндеттемелерді орналастыру әдісі;
  - 4) **"Орталық депозитарий"** – "Орталық бағалы қағаздар депозитарий" АҚ;
  - 2) **"Эмитент"** – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі.
2. Осы Ережелерде пайдаланылатын өзге де ұғымдар Биржаның басқа ішкі құжаттарында анықталған ұғымдарға ұқсас.
3. Осы Ережелердің мақсаттары үшін сауда-саттық деп Биржа өткізетін сауда-саттық түсініледі.

### 2 бап. Қазынашылық міндеттемелерді орналастырудың жалпы шарттары

1. Эмитенттің бастамасы бойынша Биржа ұйымдастыратын қазынашылық міндеттемелерді орналастыру бойынша сауда-саттық жүргізудің негізгі әдістері:
  - 1) жазылым әдісі;
  - 2) арнайы мамандандырылған сауда-саттық әдісі.
2. Эмитенттің қалауы бойынша қазынашылық міндеттемелерді орналастыру ағылшын немесе голланд сауда-саттығының әдісін пайдалана отырып жүргізілуі мүмкін.

Сауда-саттық әдістерінің сипаттамасы Биржаның ішкі құжаттарында келтірілген.
3. Қазынашылық міндеттемелерді Эмитенттің тапсырысы бойынша Биржа ұйымдастыратын жазылым әдісімен орналастырған кезде инвесторлар алдағы қазынашылық міндеттемелерді орналастыру туралы

хабарландыруға жауап ретінде өтінімдерді Биржаға бастапқы дилерлер<sup>1</sup> арқылы ғана бере алады.

Қазынашылық міндеттемелерді сауда-саттыққа орналастыру кезінде осы сауда-саттыққа тек бастапқы дилерлер ғана қатыса алады (орналастырылатын қазынашылық міндеттемелерді сатып алуға өтінім бере алады).

4. Биржа эмитенттен қазынашылық міндеттемелерді орналастыру жөніндегі сауда-саттықты ұйымдастырғаны және өткізгені үшін, сондай-ақ жазылу әдісімен Биржа арқылы қазынашылық міндеттемелерді орналастыруды ұйымдастырғаны үшін қандай да бір сыйақы және қандай да бір алымдар алмайды.

### 3 бап.

#### Эмитенттің айрықша міндеттері

1. Эмитент Биржаның мүшесі болып табылмайды, бірақ сонымен бірге осындай нормалар осы Ережелердің нормаларына және/немесе қазынашылық міндеттемелерді Биржа арқылы орналастыруға байланысты Эмитент пен Биржа арасында жасалған келісім-шартқа сәйкес келмейтін жағдайларды қоспағанда, қазынашылық міндеттемелермен сауда-саттықты ұйымдастыруға және өткізуге қатысты Биржаның барлық ішкі құжаттарының нормаларын сақтауға міндетті; мұндай жағдайларда осы Ережелердің және/немесе көрсетілген келісім-шарттың нормалары Биржаның басқа ішкі құжаттарының нормаларынан басым болады.
2. Қазынашылық міндеттемелерді орналастыру кезінде Эмитент бастапқы дилерлердің және олар қызмет көрсететін инвесторлардың қазынашылық міндеттемелерді сатып алуға тең құқылығы қағидатын (Эмитент Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тыйым салулар мен шектеулерді қолдану жағдайларын қоспағанда), атап айтқанда, осы Ережелердің нормаларын, осы баптың 1 тармағында көрсетілген шартты және Биржаның басқа да ішкі құжаттарын сақтаған кезде сақтауға міндетті, сондай-ақ өзге де тең жағдайларда бірде-бір бастапқы дилердің және ол қызмет көрсететін бірде-бір инвестордың қазынашылық міндеттемелерді орналастыру кезінде оларды сатып алу құқығын Эмитент басқа бастапқы дилерлердің, олар қызмет көрсететін инвесторлардың және кез келген өзге де ықтимал тұлғалардың пайдасына шектей не оларға қысым жасай алмайды.
3. Қазынашылық міндеттемелерді Биржа арқылы бірінші орналастыру басталғанға дейін Эмитент оған осы Ережелерде, осы баптың 1 тармағында көрсетілген келісім-шартта және Биржаның басқа да ішкі құжаттарында көзделген қазынашылық міндеттемелерді Биржа арқылы орналастыруға қатысты шешімдерді (осы тармақтың екінші абзацында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып) қабылдауға уәкілетті жеке тұлғалардың тізбесін (олардың қол қою үлгілерімен) беруге және одан кейін үнемі өзекті жай-күйде ұстап тұруға міндетті.

Эмитент осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген тізбеге Эмитенттің қандай жеке тұлғаларды енгізгеніне қарамастан, қашықтықтан қол жеткізу тәртіптемесінде сауда-сауда-саттық жүйесімен жұмыс істеу кезінде ақпаратты қорғаудың бағдарламалық-криптографиялық құралдарын пайдаланған кезде, қазынашылық міндеттемелерді Биржа арқылы орналастыруға жататын және оған енгізілген электрондық цифрлық қолтаңбасы бар электрондық құжат түрінде Биржаға берілген кез келген хабарлама Эмитенттің осындай хабар үшін өзінің толық жауапкершілігін және осындай хабарламаның кез келген ықтимал салдарларын туындататын хабарламасы болып табылады.

---

<sup>1</sup> Бастапқы дилерлер, сондай-ақ инвесторлар ретінде әрекет етуге және жазылу әдісімен Биржа арқылы орналастырылатын қазынашылық міндеттемелерді сатып алуға өтінімдер беруге құқылы.

## 2 тарау. ҚАЗЫНАШЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ БИРЖА АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУ ӘДІСІМЕН ОРНАЛАСТЫРУ

### 4 бап. Негізгі процедуралар

1. Осы Ережелердің 4 және 5 баптарының мақсаттары үшін өтінімдер деп инвесторлардың Эмитенттің өтінішіне жауап ретінде берілген орналастырылатын қазынашылық міндеттемелерді сатып алуға берген өтінімдері түсініледі.
2. Жазылымды жүргізуді ұйымдастыру үшін Эмитент Биржаға жазылуды жүргізу шарттарын анықтауға, оның ішінде мынадай шарттарды анықтауы тиіс, бірақ олармен ғана шектелмей, еркін нысандағы өтінішті ұсынуы тиіс:
  - 1) орналастырылатын қазынашылық міндеттемелер, олардың саны;
  - 2) Эмитент үшін өтінімдерді қабылдаудың қолайлы кезеңі (осы кезеңнің басталу және аяқталу күні мен уақытын көрсете отырып);
  - 3) өтінімдерге енгізуге жататын, деректемелер;
  - 4) Эмитент үшін қабылданған өтінімдер тізілімін Биржаның берген күні мен уақыты;
  - 5) Эмитенттің өтінімдерді қанағаттандыру немесе қазынашылық міндеттемелерді орналастырудан бас тарту шешімі туралы хабарламаны Биржаға берген күні мен уақыты;
  - 6) Эмитент үшін есеп айырысуды жүзеге асырудың қолайлы күні.
3. Эмитенттің өтінішінде, Эмитенттің пікірі бойынша, жазылуды жүргізу үшін қажетті өзге де шарттар анықталуы мүмкін.
4. Биржа Эмитенттің өтінішін осы өтініште Эмитент үшін өтінімді қабылдау кезеңінің басталу күні ретінде көрсетілген күнге дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей алуы тиіс.
5. Биржа Эмитенттің өтінішін алған күн ішінде ол осы баптың 2 тармағының 2), 4), 6) тармақшаларына және 3 тармағына сәйкес өзі анықтаған жазылым жүргізу шарттарына Биржаның осы шарттарды олардың Биржа мен Орталық депозитарийдің мүмкіндіктеріне сәйкестігін тексеру нәтижелері бойынша өзгерістер енгізуге құқылы.
6. Қазынашылық міндеттемелерді жазылу әдісімен орналастыру кезінде Биржа Эмитент анықтаған жазылым жүргізу шарттарына сәйкес келетін өтінімдерді ғана қабылдайды.
7. Жазылым шарттарымен белгіленген өтінімдерді қабылдаудың кезеңі аяқталғаннан кейін Биржа қабылдаған өтінімдерді оларды берген инвесторлар жоя алмайды (кері қайтара алмайды), сол сияқты Биржа қабылдаған өтінімдердің шарттарын өзгерте алмайды.
8. Жазылым шарттарымен белгіленген өтінімдерді қабылдаудың кезеңі аяқталғаннан кейін Биржа қабылданған өтінімдер тізілімін қалыптастырады. Осы тізілімге енгізілетін мәліметтердің көлемін Биржа жазылым шарттарын негізге ала отырып, Эмитентке Биржа қабылдаған өтінімдерді қанағаттандыру туралы немесе қазынашылық міндеттемелерді орналастырудан бас тарту туралы негізделген шешім қабылдауға мүмкіндік беретіндей етіп анықтайды.

Осы тізілімде келтірілген инвесторлар туралы ақпарат құпия болып табылады және осы ақпаратты жария еткені үшін және осындай жария етудің кез келген ықтимал салдары үшін жауап беретін эмитентке ғана арналған.

Биржа Эмитентке қабылданған өтінімдер тізілімін Биржаның қабылданған өтінімдер тізілімін беру күні мен уақыты ретінде жазылу талаптарында белгіленген сәттен кешіктірмей ұсынуға міндетті.

9. Осы баптың 2 тармағының 5) тармақшасына сәйкес Эмитент анықтаған сәттен кешіктірмей Эмитент Биржа қабылдаған өтінімдерді толық немесе ішінара қанағаттандыру немесе қазынашылық міндеттемелерді орналастырудан бас тарту туралы (осы баптың 10 және 11 тармақтарында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып) өзінің шешімі туралы Биржаға хабарлама береді.
10. Биржа қабылдаған өтінімдерді Эмитенттің қанағаттандыру туралы шешімі оның орналастырылатын қазынашылық міндеттемелермен жазылым жүргізу шарттары мен осы шешімге сәйкес баға (бағалар) бойынша және мөлшерде мәмілелер жасасуға келісімін білдіреді.
11. Эмитенттің осы баптың 9 тармағында көрсетілген хабарламасы мынадай талаптарға сәйкес келуі тиіс:
  - 1) (Эмитент биржа қабылдаған өтінімдерді қанағаттандыру туралы шешім қабылдаған жағдайда) көрсетілген хабарламаға енгізілетін мәліметтердің көлемі Биржаға жазылым жүргізудің және осы шешім шарттарына сәйкес қанағаттандырылуға жататын өтінімдерді берген инвесторлар арасында қазынашылық міндеттемелерді бірдей бөлуге мүмкіндік беруі тиіс;
  - 2) (Эмитент қазынашылық міндеттемелерді орналастырудан бас тарту туралы шешім қабылдаған жағдайда) көрсетілген хабарламада мұндай бас тарту себебінің сипаттамасы болуы тиіс.
12. Эмитенттің осы баптың 9 тармағында көрсетілген хабарламасын алғаннан кейін Биржа сауда-саттық жүйесі арқылы бастапқы дилерлерге береді, сондай-ақ Биржаның интернет-ресурсында Биржа қабылдаған өтінімдерді қанағаттандыру (толық немесе ішінара) немесе қазынашылық міндеттемелерді орналастырудан бас тарту туралы Эмитенттің қандай шешім қабылдағаны туралы ақпараттық хабарлама жариялайды.

## 5 бап.

### Есеп айырысулар

1. Жазылу әдісімен орналастырылатын қазынашылық міндеттемелер бойынша есептерді Орталық депозитарий өзінің қағидалар жинағына сәйкес өзара іс-қимылы Орталық депозитарий осы клирингілік ұйыммен жасасқан келісім-шартпен реттелетін клирингілік ұйымның бұйрықтары негізінде жүзеге асырады (*осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген*).
2. Орталық депозитарий жазылу әдісімен орналастырылатын қазынашылық міндеттемелер бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру күні ретінде жазылу жүргізу шарттарында анықталған күні есеп айырысуды жүзеге асырады.
3. Жазылу әдісімен орналастырылатын қазынашылық міндеттемелер бойынша есеп айырысуларды жүзеге асырудың басталуына қарай оларды сатып алушылар өздері берген өтінімдер көлемінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде немесе Орталық депозитарийде олардың есімдеріне ашылған шоттарда ақшаның болуын қамтамасыз етеді.
4. Жазылу әдісімен орналастырылатын қазынашылық міндеттемелер бойынша есеп айырысулар аяқталғаннан кейін Биржа Эмитентке оларды сатып алу-сату мәмілелерінің тізілімін береді.

Осы тізілімде келтірілген қазынашылық міндеттемелерді сатып алушылар туралы ақпарат құпия болып табылады және осы ақпаратты жария еткені үшін және осындай жария етудің кез келген ықтимал салдары үшін жауап беретін Эмитентке ғана арналған.

### 3 тарау. ҚАЗЫНАШЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ АРНАЙЫ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН САУДА-САТТЫҚ ӘДІСІМЕН ОРНАЛАСТЫРУ

#### 6 бап. Жалпы қағидалар

1. Осы Ережелердің 6-10-баптарының мақсаттары үшін:
  - 1) Эмитенттің өтініші деп Эмитенттің қазынашылық міндеттемелерді орналастыру жөніндегі аукционды (қайталама аукционды) немесе қазынашылық міндеттемелерді қосымша орналастыру жөніндегі сауда-саттықты өткізу туралы осы Ережелердің қосымшасының нұсқасы бойынша ресімделген өтініші (бұдан әрі – Өтініш) түсініледі;
  - 2) өтінімдер деп орналастырылатын қазынашылық міндеттемелерді сатып алуға арналған бастапқы дилерлердің өтінімдері түсініледі.
2. Арнайы мамандандырылған сауда-саттық әдісін пайдаланған кезде қазынашылық міндеттемелер аукциондарда, ал қазынашылық міндеттемелерді орналастыруды жалғастыру қажет болған кезде оларды қосымша орналастыру (қазынашылық міндеттемелерді қосымша орналастыру жөніндегі сауда-саттықтарда) және қайталама аукциондарда орналастыру арқылы орналастырылады, бұл да қазынашылық міндеттемелерді қосымша орналастырумен қоса жүруі мүмкін.
3. Қазынашылық міндеттемелерді аукциондарда (қайталама аукциондарда) орналастырған кезде Эмитент Биржаның қабылдауға жататынын белгілеуге құқылы:
  - 1) орналастырылатын қазынашылық міндеттемелерді сатып алуға бастапқы дилерлердің шектелімді, сол сияқты нарықтық өтінімдері;
  - 2) орналастырылатын қазынашылық міндеттемелерді сатып алуға бастапқы дилерлердің шектелімді өтінімдері ғана.
4. Қазынашылық міндеттемелерді орналастыру кезінде бастапқы дилерлер деректеме ретінде орналастырылатын қазынашылық міндеттемелерді сатып алуға Эмитенттің бағасы көрсетілетін лимиттелген өтінімдер мен өтінімдерді ғана бере алады.
5. Аукциондарда орналастырылатын қазынашылық міндеттемелер бойынша есеп айырысулар Эмитенттің өтінішінде көрсетілген сызбаға байланысты T+0<sup>2</sup> не T+2 сызбасы бойынша жүзеге асырылады.

#### 7 бап. Аукцион

1. Биржа Эмитенттің өтінішін осы аукцион өткізілетін Эмитент тағайындаған күнге дейін екі жұмыс күнінен кешіктірмей алуы тиіс.
2. Эмитенттің өтінішін алғаннан кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей Биржа сауда-саттық жүйесі арқылы бастапқы дилерлерге береді, сондай-ақ қазынашылық міндеттемелерді орналастыру бойынша алдағы аукцион өткізу туралы ақпараттық хабарламаны Биржаның интернет-ресурсында жариялайды.
3. Қазынашылық міндеттемелерді орналастыру бойынша аукцион өткізілген күні:

---

<sup>2</sup> Әлемдік практикада жалпы қабылданған "T+n" жазбасы түріндегі биржалық мәмілелер бойынша есеп айырысуларды (биржалық мәмілелерді орындауды) жүзеге асыру мерзімдерін белгілеу, мұндағы T – мәміле жасалған биржалық сауда-саттық күні, ал n – мәміле жасалған күн Мен осы мәміле бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру күні арасындағы жұмыс күндеріндегі мерзім.

- 1) Биржа өтінімдерді Алматы уақытымен сағат 09.00-ден 12.00-ге дейін қабылдайды; осы уақыт аралығында бастапқы дилерлер Биржа қабылдаған өтінімдердің күшін жоюға және олардың шарттарын өзгертуге құқылы ([осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 20 сәуіріндегі шешімімен өзгертілген](#));
- 2) Биржа тікелей өтінімдерді қабылдаған жағдайда бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушылар қажет болған жағдайда Алматы уақытымен сағат 09.00-ден 12.30-ға дейін бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушылар бақылайтын сауда-саттық шоттары пайдаланылатын өтінімдерді растаудан бас тартуды ғана Биржаға беруге міндетті; егер Биржа осы өтінімдерді растаудан бас тартуды Алматы уақытымен сағат 12.30-ға дейін алмаған жағдайда, олар Биржа қабылдаған деп танылады;

Биржа тікелей өтінімдерден басқа өзге де өтінімдерді қабылдаған жағдайда, бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушылар Алматы уақытымен сағат 09.00-ден 12.00-ге дейін қанағаттандыру кезінде бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушылар бақылайтын сауда-саттық шоттары пайдаланылатын өтінімдерді растауды немесе растаудан бас тартуды Биржаға беруге міндетті; егер Биржа осы өтінімдерді растауды Алматы уақытымен сағат 12.00-ге дейін алмаған жағдайда, олар Биржамен қабылданбаған деп танылады және оның күшін жояды;

[\(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 20 сәуіріндегі шешімімен өзгертілген\)](#)

- 3) Алматы уақытымен сағат 13.00-ге дейін Биржа эмитентке өзі қабылдаған өтінімдердің жиынтық ақпаратізімін қалыптастырады және береді; бұл ретте көрсетілген ақпаратізімге енгізілетін мәліметтер көлемі эмитентке Биржа қабылдаған өтінімдерді қанағаттандыру туралы (кесімдеу бағасын таңдау туралы) немесе орналастырудан бас тарту туралы негізделген шешім қабылдауға мүмкіндік беретіндей қазынашылық міндеттемелерді шығару шарттары мен өтініш параметрлері негізге алына отырып анықталады; Биржа қабылдаған өтінімдердің жиынтық ақпаратізіміне осы өтінімдерді берген бастапқы дилерлер туралы ақпарат енгізіледі ([осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 20 сәуіріндегі шешімімен өзгертілген](#));
- 4) Алматы уақытымен 15.00-ге дейін Эмитент Биржа қабылдаған өтінімдерді қанағаттандыру (кесімдеу бағаны таңдау туралы) немесе қазынашылық міндеттемелерді орналастырудан бас тарту туралы өзінің шешімі туралы Биржаға хабарлама береді:

Эмитенттің Биржа қабылдаған өтінімдерді қанағаттандыру туралы (кесімдеу бағаны таңдау туралы) шешімі оның қазынашылық міндеттемелерді шығару шарттарына, Эмитент өтінішінің және осы шешімнің параметрлеріне сәйкес баға (бағалар) бойынша және мөлшерде орналастырылатын қазынашылық міндеттемелермен мәмілелер жасасуға келісімін білдіреді; өз кезегінде, осы мәмілелерді жасасу фактісі олар бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру үшін негіз болып табылады;

Эмитент Биржа қабылдаған өтінімдерді қанағаттандыру туралы (кесімдеу бағаны таңдау туралы) шешім қабылдаған кезде Эмитент биржа қабылдаған өтінімдерді Эмитенттің өтінішінде көрсетілген орналастырылатын қазынашылық міндеттемелердің саны шегінде де, сондай-ақ осындай саннан асыра отырып та қанағаттандыруға құқылы;

Эмитент Биржа қабылдаған өтінімдерді қанағаттандыру туралы шешім қабылдаған жағдайда (кесімдеу бағаны таңдау туралы) көрсетілген хабарламаға енгізілетін мәліметтердің көлемі биржаға қазынашылық



міндеттемелерді шығару шарттарына, Эмитент өтінішінің параметрлеріне және осы шешімге сәйкес қанағаттандырылуға жататын өтінімдерді берген бастапқы дилерлер арасында қазынашылық міндеттемелерді бірдей бөлуге мүмкіндік беруі тиіс;

Эмитент қазынашылық міндеттемелерді орналастырудан бас тарту туралы шешім қабылдаған жағдайда көрсетілген хабарламада мұндай бас тарту себебінің сипаттамасы болуы тиіс;

- 5) Биржа Эмитенттің оның шешімі туралы хабарламасын алғаннан кейін Биржа қабылдаған өтінімдерді (кесімдеу бағаны таңдау туралы) ол дереу, бірақ Алматы уақытымен 15.00-ден ерте емес сауда-саттық жүйесінде мәмілелер жасайды.
4. Клирингтік ұйым Орталық депозитарийге орналастырылатын қазынашылық міндеттемелермен жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысуды оның ережелер жинағына және Орталық депозитарий осы клирингтік ұйыммен жасасқан келісім-шартқа сәйкес жүзеге асыруға бұйрық береді (*осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген*):

Т+0 есептеу сызбасымен қазынашылық міндеттемелерді орналастыру бойынша аукцион өткізілген жағдайда – Т+0 күнінің Алматы уақытымен сағат 15.00-ден бастап, немесе

Т+2 есеп айырысу сызбасымен қазынашылық міндеттемелерді орналастыру бойынша аукцион өткізілген жағдайда – Т+2 күнінің Алматы уақытымен 17.30-дан бастап.
5. Мәмілелер бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру басталғанға дейін оларды сатып алушылар өздері берген өтінімдер көлемінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде немесе Орталық депозитарийде олардың есімдеріне ашылған шоттарда ақшаның болуын қамтамасыз етеді.
6. Мәмілелер бойынша есеп айырысулар жүзеге асырылатын күн өткенге дейін Биржа Эмитенттің Биржа қабылдаған өтінімдерді қанағаттандыру туралы (кесімді бағаны таңдау туралы) шешіміне сәйкес өтінімдері қанағаттандырылған бастапқы дилерлерге орналастырылған қазынашылық міндеттемелер бойынша Орталық депозитарий жүзеге асырған есеп айырысулардың нәтижелерін ескере отырып, биржа қалыптастырған биржалық куәліктерді береді.

## 8 бап.

### Қайталама аукцион

1. Қазынашылық міндеттемелерді орналастыру жөніндегі қайталама аукцион осы шығарылымның қазынашылық міндеттемелерді орналастыру жөніндегі есеп айырысулар жүзеге асырылған күннен кейін кез келген жұмыс күні өткізілуі мүмкін.
2. Биржа Эмитенттің өтінішін Эмитент тағайындаған осы аукционды өткізу күніне дейін (осы баптың 4 тармағында белгіленген жағдайларды қоспағанда) екі жұмыс күнінен кешіктірмей алуы тиіс.
3. Биржа Эмитенттің өтінішін алғаннан кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей Биржа сауда-саттық жүйесі арқылы бастапқы дилерлерге береді, сондай-ақ қазынашылық міндеттемелерді орналастыру бойынша алдағы қайта аукцион өткізу туралы (осы баптың 4 тармағында белгіленген жағдайларды қоспағанда) ақпараттық хабарламаны Биржаның интернет-ресурсында жариялайды.
4. Қазынашылық міндеттемелерді орналастыру бойынша қайталама аукцион өткізу шұғыл қажет болған кезде Эмитент Биржаға өз өтінішін осы баптың 2 тармағында белгіленген мерзімнен кеш беруге құқылы; бұл ретте:

- 1) Эмитенттің өтініші осы аукцион өткізілетін күннің алдындағы соңғы жұмыс күні Алматы уақытымен 17.00-ге дейін алынуы тиіс;
  - 2) осы аукцион өткізілетін күннің Алматы уақытымен сағат 10.00-ге дейін Биржа бастапқы дилерлерге сауда-саттық жүйесі арқылы береді, сондай-ақ Биржаның интернет-ресурсында осы аукционды алдағы өткізу туралы ақпараттық хабарлама жариялайды.
5. Қазынашылық міндеттемелерді орналастыру жөніндегі қайталама аукцион осы Ережелердің 7 бабының 3-6 тармақтарында белгіленгенге ұқсас тәртіппен өткізіледі.

## 9 бап. Қосымша орналастыру

1. Қазынашылық міндеттемелерді қосымша орналастыру жөніндегі сауда-саттық осы шығарылымның қазынашылық міндеттемелерін орналастыру жөніндегі аукцион (қайталама аукцион) өткізілген күні жүзеге асырылады.
2. Эмитенттің өтінішін Биржа осы сауда-саттық өткізілетін күннің Алматы уақытымен 15.00-ге дейін алуы тиіс.
3. Қазынашылық міндеттемелерді қосымша орналастыру бойынша сауда-саттық өткізілетін күннің Алматы уақытымен сағат 15.30-ға дейін Биржа бастапқы дилерлерге сауда-саттық жүйесі арқылы береді, сондай-ақ Биржаның интернет-ресурсында осы сауда-саттықты алдағы өткізу туралы ақпараттық хабарлама жариялайды.
4. Қазынашылық міндеттемелерді орналастыру бойынша сауда-саттық жүргізу кезінде:
  - 1) Биржа өтінімдерді Алматы уақытымен 15.30-дан 16.00-ге дейін қабылдайды; осы уақыт аралығында бастапқы дилерлер Биржа қабылдаған өтінімдердің күшін жоюға және олардың шарттарын өзгертуге құқылы;
  - 2) бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушылар Алматы уақытымен 15.30-дан 16.15-ке дейін бақылау және қамтамасыз ету жүйесін пайдаланушылар бақылайтын сауда шоттары қанағаттандырылған кезде пайдаланылатын өтінімдерді растаудан бас тартуды ғана биржаға беруге міндетті; егер Биржа Алматы уақытымен 16.15-ке дейін осы өтінімдерді растаудан бас тартуды алмаса, оларды Биржа қабылдаған деп саналады;
  - 3) Алматы уақытымен 16.30-ға дейін Биржа өзі қабылдаған өтінімдердің жиынтық мөлшері туралы мәліметтерді қалыптастырады және Эмитентке береді;
  - 4) Алматы уақытымен 17.00-ге дейін Эмитент Биржа қабылдаған өтінімдерді қанағаттандыру немесе қазынашылық міндеттемелерді орналастырудан бас тарту туралы өзінің шешімі туралы Биржаға хабарлама береді; бұл ретте:

Эмитенттің Биржа қабылдаған өтінімдерді қанағаттандыру туралы шешімі оның осы шығарылымның қазынашылық міндеттемелерін орналастыру жөніндегі аукционның (қайталама аукционның) нәтижелері бойынша сол күні айқындалған баға бойынша және Эмитент өтінішінің және осы шешімнің параметрлеріне сәйкес мөлшерде орналастырылатын қазынашылық міндеттемелермен мәмілелер жасасуға келісін білдіреді; өз кезегінде, осы мәмілелерді жасасу фактісі олар бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру үшін негіз болып табылады;

Эмитент Биржа қабылдаған өтінімдерді қанағаттандыру туралы шешім қабылдаған кезде Эмитент өзінің өтінішінде көрсетілген

орналастырылатын қазынашылық міндеттемелердің саны шегінде де, сондай-ақ осындай саннан асыра отырып та, Биржа қабылдаған өтінімдерді қанағаттандыруға құқылы;

Эмитент қазынашылық міндеттемелерді орналастырудан бас тарту туралы шешім қабылдаған жағдайда көрсетілген хабарламада мұндай бас тарту себебінің сипаттамасы болуға тиіс;

- 5) Биржа қабылдаған өтінімдерді қанағаттандыру туралы Эмитенттің хабарламасын Биржа алғаннан кейін ол тез арада, бірақ Алматы уақытымен 17.00-ден ерте емес сауда-саттық жүйесінде мәмілелер жасайды.
5. Клирингтік ұйым Орталық депозитарийге орналастырылатын қазынашылық міндеттемелермен жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысуды оның ережелер жинағына және Орталық депозитарий осы клирингтік ұйыммен жасасқан келісім-шартқа сәйкес жүзеге асыруға бұйрық береді *(осы абзац Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*

T+0 есептеу сызбасымен қазынашылық міндеттемелерді қосымша орналастыру бойынша аукцион өткізілген жағдайда – T+0 күнінің Алматы уақытымен сағат 17.00-ден бастап

T+2 есеп айырысу сызбасымен қазынашылық міндеттемелерді қосымша орналастыру бойынша аукцион өткізілген жағдайда – T+2 күнінің Алматы уақытымен сағат 17.30-дан бастап.

6. Мәмілелер бойынша есеп айырысуды жүзеге асырудың басталуына қарай оларды сатып алушылар өздері берген өтінімдер көлемінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде немесе Орталық депозитарийде олардың есімдеріне ашылған шоттарда ақшаның болуын қамтамасыз етеді.
- 7 Мәмілелер бойынша есеп айырысу жүзеге асырылатын күн өткенге дейін Биржа Эмитенттің Биржа қабылдаған өтінімдерді қанағаттандыру туралы шешіміне сәйкес өтінімдері қанағаттандырылған бастапқы дилерлерге орналастырылған қазынашылық міндеттемелер бойынша Орталық депозитарий жүзеге асырған есеп айырысу нәтижелерін ескере отырып, биржа қалыптастырған биржалық куәліктерді береді.

## **10 бап. Есеп айырысулар**

1. Бастапқы дилер өзі сатып алған қазынашылық міндеттемелерді төлеу үшін жеткілікті сомада ақшаның болуын қамтамасыз етуге міндетті (бастапқы дилер берген және Биржа қабылдаған барлық өтінімдер қанағаттандырылуға жатады деген болжамға сүйене отырып):
  - 1) қазынашылық міндеттемелерді орналастыру бойынша аукционды (қайталама аукционды) өткізу кезінде:

T+0 есептеу сызбасы кезінде T+0 күннің Алматы уақытымен сағат 15.00-ге дейін

T+2 есептеу сызбасы кезінде T+2 күнінің Алматы уақытымен 17.30-ға дейін;
  - 2) қазынашылық міндеттемелерді орналастыру бойынша сауда-саттық жүргізу кезінде:

T+0 есептеу сызбасы кезінде T+0 күннің Алматы уақытымен сағат 17.00-ге дейін;

T+2 есептеу сызбасы кезінде T+2 күнінің Алматы уақытымен 17.30-ға дейін.

2. Орналастырылатын қазынашылық міндеттемелер бойынша есеп айырысуларды Орталық депозитарий өзінің қағидалар жиынтығына сәйкес жүзеге асырады:
  - 1) қазынашылық міндеттемелерді орналастыру бойынша аукционды (қайталама аукционды) өткізу кезінде:

T+0 есептеу сызбасы кезінде T+0 күннің Алматы уақытымен сағат 15.00-ден бастап, немесе

T+2 есептеу сызбасы кезінде T+2 күнінің Алматы уақытымен 17.30-дан бастап;
  - 2) қазынашылық міндеттемелерді орналастыру бойынша сауда-саттық жүргізу кезінде:

T+0 есептеу сызбасы кезінде T+0 күннің Алматы уақытымен сағат 17.00-ден бастап, немесе;

T+2 есептеу сызбасы кезінде T+2 күнінің Алматы уақытымен 17.30-дан бастап.
3. Орналастырылған қазынашылық міндеттемелер бойынша есеп айырысулар жүзеге асырылғаннан кейін клирингілік ұйым осындай есеп айырысулардың жүзеге асырылуы туралы есепті, сондай-ақ қандай да бір бастапқы дилерлер осы баптың 1 тармағында белгіленген міндеттерді бұзған жағдайда, клирингілік ұйымның орналастырылатын қазынашылық міндеттемелермен жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыруға арналған бұйрығының орындалмағаны туралы есептерді Биржаға береді *(осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 26 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*.

#### 4 тарау. ЖАУАПКЕРШІЛІК

##### 11 бап.

##### Эмитенттің жауапкершілігі

1. Эмитент осы Ережелердің 4 бабының 2 тармағында, 7 бабы 3 тармағының 4) тармақшасында, 9- абы 4 тармағының 4) тармақшасында белгіленген міндеттерді, сондай-ақ мамандандырылған сауда-саттық әдісінен басқа, сауда-саттықты өткізу әдістерін пайдалана отырып, қазынашылық міндеттемелерді орналастыру кезінде Эмитенттің өзге де міндеттерін бұзған жағдайда, Биржа осындай бұзушылық үшін жауапкершіліктің барлық толықтығын және осындай бұзушылықтың кез келген ықтимал салдарларын Эмитентке жүктей отырып, қазынашылық міндеттемелерді орналастыру жөніндегі сауда-саттықты өткізілмеді деп жариялауға құқылы.
2. Эмитент осы Ережелерге сәйкес қандай бастапқы дилерлер орналастырылатын қазынашылық міндеттемелерді сатып алуға өтінімдер бергені және орналастырылатын (орналастырылған) қазынашылық міндеттемелермен мәмілелер жасағаны туралы алатын ақпарат құпия болып табылады және осындай ақпаратты жария еткені үшін және осындай жария етудің кез келген ықтимал салдары үшін толық жауапкершілікті мойнына алатын Эмитентке ғана арналған.

##### 12 бап.

##### Бастапқы дилерлердің жауапкершілігі

Бастапқы дилер осы Ережелердің 5 бабының 3 тармағында және/немесе 7 бабының 5 тармағында және/немесе 9 бабының 6 тармағында және/немесе 10 бабының 1 тармағында белгіленген міндеттерді бұзған жағдайда:

- 1) осы бастапқы дилерге Директорлар кеңесі осындай тыйым салуды алып тастағанға дейін Биржа арқылы орналастырылатын қазынашылық міндеттемелерді одан әрі сатып алуға тыйым салынады;
- 2) осы бастапқы дилер осы Ережелердің 5 бабының 3 тармағында және/немесе 10 бабының 1 тармағында белгіленген міндеттерді бұзуы нәтижесінде орындалмаған қазынашылық міндеттемелермен мәміле сомасының 2 %-ы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті;
- 3) осы баптың 2) тармақшасында көрсетілген тұрақсыздық айыбы осы бастапқы дилерге хабарламада ол көрсеткен Биржаның шотына есептелуге жатады және Биржа алғаннан кейін Эмитентке осы мақсатта көрсетілген деректемелер бойынша аударылады.

#### **5 тарау. ТҰЖЫРЫМДЫ ҚАҒИДАЛАР**

1. Осы Ережелерге өзгерістердің және/немесе толықтырулардың уақтылы енгізілуі үшін жауапкершілік (өзектілендіру) Биржадағы сауда-саттықты ұйымдастыруды қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшеге жүктеледі.
2. Осы Ережелер қажеттілігіне қарай, бірақ осы Ережелер қолданысқа енгізілген күннен бастап есептелетін, әрбір үш жылда кемінде бір рет өзектілендіруге жатады.

Басқарма Төрайымы

Алдамберген А. Ө.

Қазақстан  
Республикасының  
мемлекеттік қазынашылық  
міндеттемелерін  
орналастыру ережесіне  
**ҚОСЫМША**

**Арнайы мамандандырылған сауда-саттықты өткізуге**

**ӨТІНІШ**

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерді мынадай шарттарда қайталама аукцион және кері сатып алу құқығымен аукцион шарттарында орналастыруды ұсынады:

1.	Аукцион түрі		
2.	Аукционды өткізу күні		
3.	ISIN		
4.	Эмиссияның реттік нөмірі		
5.	Толық атауы		
6.	Қысқаша атауы		
7.	Қазынашылық міндеттемелер айналысының басталу күні		
8.	Қазынашылық міндеттемелерді өтеу күні		
9.	Айналым мерзімі, айлар		
10.	Айналым мерзімі, күндер		
11.	Купондық мөлшерлеме, жылдық %		
12.	Орналастырылатын қазынашылық міндеттемелердің саны, дана		
13.	Жарияланған көлемді сәтті орналастырғаннан кейін көрсетілген қазынашылық міндеттемелердің жалпы көлемі құрайды, дана		
14.	Саудасаттық заты		
15.	Қарсылама өтінімдерді беру тәсілі		
16.	Бәсекеге қабілетсіз өтінімдерді қанағаттандыру көлемі, эмиссияның қанағаттандырылған көлемінен %		
17.	Бәсекелестік өтінімдерді қанағаттандыру әдісі		
18.	Шектелімді қарсылама өтінімдерді қанағаттандыру тәсілі		
19.	Бәсекеге қабілетсіз өтінімдерді қанағаттандыру әдісі		
20.	Есептеулерді жүзеге асыру сызбасы	T+0	T+2

Басқарма Төрайымы

Алдамбергенов А.Ө.